



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТІ

• 6B01507-Информатика

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ	Кәсіби қызметті жүзеге асыруға қабілетті, жоғары әлеуметтік және азаматтық жауапкершілігі бар бәсекеге қабілетті информатика мұғалімін даярлау: білім беруді цифрландыру; қазіргі ғылыми-әдістемелік деңгейде информатика мен АКТ оқытуды ұйымдастыру; пәндік-тілдік интеграцияланған оқытуды қолдана отырып, информатика саласында оқушы тұлғасын тәрбиелеу және жүйеленген білімді қалыптастыру.
КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ	Оқыту: оқу ақпаратын таратады, өз бетінше білім алуға үйретеді; Тәрбиелеуші: білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне қосады; Әдістемелік: білім беру процесін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады; Зерттеушілік: білім алушылардың білім мазмұнын меңгеру деңгейін зерттейді, білім беру ортасын зерттейді; Әлеуметтік-коммуникативтік: кәсіби қоғамдастықпен және білім берудің барлық мүдделі тараптарымен өзара іс-әрекетті жүзеге асырады.

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН1- Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы мен философиясының теориялық негіздері мен әдіснамалық тәсілдерін түсінеді, экономикалық деректер мен процестерді, қазіргі кезеңдегі ҚР әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени дамуының негізгі қазіргі заманғы тарихи оқиғаларын өз бетінше талдайды және болашағын жоспарлайды;

ОН2- зерделенетін тілді тұлғааралық және мәдениетаралық өзара іс-әрекет міндеттерін шешу үшін пайдаланады, сыни талдау әдістемесін меңгерген және мемлекеттік, орыс және шет тілдерін өз бетінше меңгерген кезде цифрлық технологияларды және пәндік-тілдік интеграцияланған оқыту тәсілінің қағидаттарын пайдаланады

ОН3- тәжірибеге бағытталған есептерді шешу, сандық мәліметтерді талдау үшін математикалық білімдер мен әдістерді қолданады. Компьютерлік есептеулердің математикалық негіздері саласындағы есептерді өз бетінше шешудің базалық біліктер кешенін меңгерген;

ОН4- ақпараттық қауіпсіздік талаптарын ескере отырып, сандық технологияларды, интерактивті қосымшаларды (желілік, мобильді, бұлтты) қолдана отырып, кәсіби қызметтің стандартты міндеттерін шешеді;

ОН5- заңдылықтарды сыни тұрғыда талдап және олардың негізінде ақпараттық, физикалық, биологиялық және экономикалық объектілер мен процестерді визуалдау үшін және зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін компьютерлік модельдерін жасайды;

ОН6- компьютерлік графика теориясы мен жүйелік программалау тілінің құрылымы туралы жалпы түсінікке ие; есептеу техникасының, компьютерлік жүйелер архитектурасының тарихы мен даму үрдістерін, Компьютерлік желілер мен жүйелердің құрылысы мен жұмыс істеу принциптерін, деректерді жобалаудың және деректер базасын әзірлеудің негізгі әдістерін меңгерген;

ОН7- оқыту нәтижелерін бағалаудың заманауи құралдарын, жаңартылған білім беру мазмұнында информатика мен АКТ оқытудың ерекшеліктерін; оқушылардың зерттеушілік және жобалық қызметімен байланысты әдістерді және оқытудың басқа да инновациялық әдістерін қолданады;

ОН8- базалық программалау тілдерінің құралдық орталарында жұмыс істейді; Web және мобильді қосымшаларды әзірлеу үшін кәсіби-бағытталған бағдарламалық құралдарды және интеграцияланған ортаны пайдаланады; объектілердің, құбылыстардың, жүйелердің, оның ішінде 3D ақпараттық және компьютерлік модельдерін құрады.

ОН9- ғылыми қарым-қатынастың мықты жақтарын талдайды, білім мен тәжірибенің ағымдағы жағдайын сыни бағалайды, нақты кәсіби мақсаттар үшін жаңа білім мен дағдыларды игеру жоспарын әзірлейді, енгізеді және жетілдіреді; информатиканы оқыту процесін жетілдіру мақсатында әріптестерімен ынтымақтастықта жұмыс істейді.